

жүргенімде 1974 жылдың 11 желтоқсанында аудандық «Шу өңірі» (№148, 4313) газетінде жарияланған «Ерлік ескірмейді» деген мақаламды тауып алдым. Бұл мақаланың жазылуына өзімнің атам себепкер болған еді. Ауылда майдангерлер жиі бас қосатын. Әсіресе, шолақ көшеде тұратын Сатар аға (мен ол кісіні аға дейтінмін, жасы әкемнен үлкен, атамнан аздап кіші болатын) менің атама сәлем беріп, жиі келетін. Дастарқан жайылып, шай келгенде, басқа көрші майдангерлер де жиналып қалады. Күрең шаймен, ақ суды қоса ішкен майдангерлер әңгімесі қыза түседі. Біз ойын баласы болсақ та, олардың соғыс туралы әңгімелеріне құлақ сала жүреміз. Фашистердің концлагерінде болған (ол да ерлік екен, кейін білдік) Астарқұл Туғанбаев деген бір ағайындас атамыз атақты Мұстафа Шоқай көмегімен тұтқыннан азат етілгендерін, Шоқайды концлагерге келгенде өз көзімен көргенін ығи айтып отыратын.

Ол кезде Шоқай есімін естігенмен, біз – бала, не ұқтық дейсіз? Бірақ, ол атамыз басқалардың әңгімесіне көп қосылмайтын, тіпті соғыс жағдайлары туралы жақ ашпайтын. Тек ашы суды жұтып алса, үнсіз жылай беретін. Оны көріп, кинолардан небір соғыс трагедиясын көріп, қатты әсерленетін біз де жылап алатынбыз. Кейін қонақтар тарқаған соң, атамнан Астарқұл ата неге жылайды деп сұрасам, Астарқұл атаның фашистермен қанды шайқаста қапыда тұтқынға түсіп қалып, көп азап көргенін, алайда сол ерлігі мен өрлігін ешкімге айта алмай іштей тұншығып жылайтынын ұқтырып еді. Кейін білсек, Кеңес тұсында соғыс тұтқындары қандай қанкешулерді бастан өткізіп, шайқасса да, ақталып, елге оралса да, сталиндік қатал тәртіптің құрбандары болып, бұғып өмір кешкен екен. Ал, Сатар аға мен менің атам соғыста қыршың кеткен қарулас достарын еске алғанда ғана қамығып қалатын. Мен бұл жайларды білген соң, ол кісілер келесі бір жыныда тағы жыласа, қосыла жылайтынды шығардым. Әсіресе, көп азап шеккен атаны аяп жылайтынмын. Бұндайда әжем мені сылтаумен сыртқа жұмсап жіберетін еді.

Менің атам да, Сатар аға да майдангер, ауылдың көп адамдарынан білім-білігі, сауаты да артық, екеуі де кітап оқығыш, ері колхоздың бетке ұстар белсенділері, екеуі де кеңседе қызмет істейді. Киім киістері де ұқсайды, әскерде болғандықтан ба, бойларын тік ұстап,

таза жүреді. Өзге ауыл адамдарынан өзгеше көрінеді. Екеуі де орысша киімнен гөрі, китель мен галифе киеді. Менің атам басына қырым шляпа, жыл мезгіліне қарай аяғына туфли не хром етік киетін. Ал, бойы атамнан әлдеқайда биік, сұңғақ денелі Сатар аға китель, галифеге қоса, басына ығи әскери фуражкаға ұқсас бас киімін киіп жүргенде, әскери қолбасшыға ұқсайтын, әскердегі дағдысымен кейде орысша да сөйлеп кететін. Жұрт оларды «сыпа адамдар» деп ерекше құрмет тұтатын. Иә, олар менің өсімде осы бейнелерінде қалып қойды.

Бірде менің атам мен Сатар аға одаша отырысты. Сірә, жұмыс бабымен болса керек. Бәрібір, олар қан кешкен майдандағы өмірлерін еске алмай қоймады. Мен атамның ерке немересі болғандықтан, әдеттегідей тізесіне шынтақтай отырып, соғыс жайына құлақ тіктім. Сонда атам әңгімесін үзіп, маған: «Қарағым, мен соғыста ұзақ болғаным жоқ. Аяғымнан жараланып, тез қайттым. Ал, мына Сатар аға қанды соғысты көп көрді. Әңгімесін айтсын, сен жазып ал да, мақала жаз», – деді. Әлгі «Ерлік ескірмейді» деген мақалам осылайша жеңістің 30 жылдығына арналып жазылған еді.

Ендігі сәтте Сатар ағаның күнделігіндегі деректерді баяғы бала кезімде жазған мақаламадағы мәліметтермен салыстырып оқи бастадым. Мақалада: «Ел басына күн туғанда Сатар аға туған ауылынан жастай майданға аттанып, Оңтүстік Дон майдандарында, сондай-ақ, Сталинград пен Белорусь майдандарына қатысып, өз Отанын қанды қол фашистерден азат еткен болатын. Сөйтіп, Сатар аға бүкіл халық аңсап күткен жеңіс күнін Латвия республикасының Шауляй қаласында қарсы алған еді», – депті. Бұған қоса, Сатар ағаның белсенді коммунист, ауылдық советтің депутаты, колхоздың парторгі, одан соң кадрлар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарғанын да қалдырмай жазған екенмін. Сондай-ақ, майдангердің кеудесі толған орден-медальдарын да ауыз толтыра айттым. Иә, солай дейік. Ал, 75 жылдан бері сарғайып



жатып, ойда жоқта табылға Отан соғысының санлақ сақан кешулерден өткен май. Ысқақовтың небір сұрапыл күкешірсесе де, жоғалмай елге өзіме қанды соғыстың сын сағатта; пида етуге бар жас жауынгер ыстық табы сақталған ескі күн.

Күнделіктің бастапқы, орбөліктері жырымдалып, сәтәрзана сақталғаны мәлім. Күнделік орысша сөйлейді, оған ренішін Жауынгер күнделігінің қолы жыртындысы 48, 74, 126, 143 б жамалып-жасқалған. Осында болуы о баста күнделіктің ө болғанын көрсетеді. Жоғарытағ оқи бастағаннан-ақ, майдан кеткендей болдым. Жасыннан м. әңгімесіне қанық, оның үстіне, анты кинохитті қайталап, мен Сатар ағаның сап-сары бо кеткен, соғыстан оралған ж жауынгердей жсарым-жарт күнге жеткен, майдангер ата мейірбан иесін танауыма әкеліп, елсіреткен күнделігін күрсіне о бастадым. Күнделікте 1944 жы дровниларын азат еткен ке фашистердің тұрғылықты қорлап, азаптаған жантү әрекеттерін ашына жазады. кірдік. Шал мен қорланған он ж қыз ана қалған. Олар бізді т Жақсы адамдар» дейді.

Күнделік иесі табиғатты сезіміне қабыстыра суреттеу ақ. Бірақ, шыны солай. «Төрт соғыстамыз. Күзгі соғыс күндерін с сөз таппаймын. Азатты күнд өлгің келеді, ал ол жауыз өлім кү тобеңде және барлық сұмдық мәжбүр етеді. Бірақ, неге осында күндерде өткен жақсы күндер ес. Қайтып келмейтін...», – деп қам арманып жас қазақ жігітінің ру секілді. Күнделіктің кейбір бе орысша әскери лирикалық өлеңд кездеседі:

«Ночь темна, не видна в небе д.
Как усталый солдат дремлет н
Только вдали за рекой, гд
молодой

Песню поет и звучит тихо она.
Әрине, жауынгер Сатар сол кез